

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

DS3480/12

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2
Сәйкестік	2
Қоршаған ортаны күту	2
Ескерту	3
2 Қоңдырмалы динамик	4
Қораптың құрамы	4
Жалпы шолу	4
3 Жұмысты бастау	5
DS3480 құрылғысын зарядтау	5
Қосу немесе сөндіру	5
4 Ойнату	6
Жарықтандырылатын қоңдырма	6
арқылы ойнату	6
Bluetooth арқылы ойнату	6
Дыбыс кабелі арқылы ойнату	8
Дыбыс деңгейін реттеу	8
5 Зарядтау	9
Жарықтандырылатын қоңдырма	9
арқылы зарядтау	9
USB қосқышы арқылы зарядтау	9
6 Микробағдарламаны жаңарту	10
7 Ерекшеліктер	11
Күшейткіш	11
Жалпы ақпарат	11
Bluetooth	11
8 Ақаулықтарды жою	12
Дыбыс жоқ немесе нашар	12
Динамиктегі пернелерді басқаннан	12
еш әрекет орындалмайды	12
Bluetooth қосылымы туралы	12

1 Маңызды ақпарат

Сәйкестік

CE 0560

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

Қауіпсіздік

- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Тікелей қосылатын адаптердің штепселі ажыратқыш құрылғы ретінде қолданылған жағдайда, ажыратқыш құрылғы іске қосуға дайын күйде қала береді.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Сәйкестік туралы декларация

CE

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.



Ескертпе

- Ақпараттық тақтай батарея бөлімінде орналасқан.

Қоршаған ортаны күту

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.) Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.


Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Ескерту

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations компаниясы әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.

Made for

 iPod  iPhone  iPad

«Made for iPod», «Made for iPhone» және «Made for iPad» деген жазулар электрондық қосалқы құрал тиісінше iPod, iPhone немесе iPad құрылғысына жалғау үшін арнайы жасалғанын және әзірлеуші Apple өнімділік стандарттарына сәйкестігін сертификаттағанын білдіреді. Apple бұл құрылғының жұмысы немесе қауіпсіздік және құқықтық стандарттарға сәйкестігі үшін жауапты емес. Бұл қосалқы құралды iPod, iPhone, немесе iPad құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмыс өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ пен басқа елдерде тіркелген сауда белгісі. iPad — Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі.

2 Қондырмалы динамик

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- Айнымалы ток/тұрақты ток қуат адаптері
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту

Қондырмаға арналған iOS қолданбасы

DS3480 құрылғысындағы

жарықтандырылатын қондырмамен iPhone/iPod мына қолданбалармен жұмыс істей алады:



- **ClockStudio** қолданбасы (дыбыс параметрлерін тадауға, Интернеттен радио тыңдауға, сағатты және оятқышты орнатуға және микробағдарламаны жаңартуға мүмкіндік береді)



Кеңес

- **ClockStudio** қолданбасын iPhone/iPod құрылғысындағы **App Store** торабынан алуға болады.

Жалпы шолу



- 1** **П**
 - Қосу үшін басыңыз немесе Bluetooth функциясын қалпына келтіру үшін 5 секунд басып тұрыңыз
 - Батарея деңгейін көрсеткіш
- 2** **DC IN**
 - AC/DC қуат адаптері үшін AT қуат қосқышы
- 3** **BT**
 - Сыртқы құрылғыға арналған қуатпен зарядтау қосқышы
- 4** **AUDIO IN**
 - Сыртқы дыбыс құрылғысына арналған дыбыстық кіріс қосқышы
- 5** **BT**
 - Bluetooth күйінің көрсеткіші
- 6** **iPod/iPhone құрылғысына арналған жарықтандырылатын қосқышпен бекіту**
- 7** **+ , -**
 - Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету
 - Қуатты қосу/өшіру көрсеткіштері

3 Жұмысты бастау


Кеңес

- Батарея қуатының деңгейі аз болса, 🔌 қызыл болып жыпылықтайды.
- Қайта зарядталмалы батареяларының зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.

DS3480 құрылғысын зарядтау

DS3480 құрылғысында берілген AC/DC қуат адаптері арқылы зарядтауға болатын ішкі батарея бар.


- Берілген AC/DC қуат адаптерімен DS3480 құрылғысын АТ қуатына қосыңыз.



- ↳ Қуатпен зарядтау барысында DS3480 құрылғысын қоссаңыз, 🔌 жасыл болып жыпылықтайды. DS3480 құрылғысын өшірсеңіз, 🔌 әрдайым қызыл түсті болып тұрады.
- ↳ Батарея қуаты толық болса, DS3480 құрылғысы қосылып тұрғанда 🔌 әрдайым жасыл болады; DS3480 құрылғысы өшіп тұрса, 🔌 да өшеді.

Қосу немесе сөндіру

- Қосу үшін 🔌 түймесін басыңыз. ↳ +, - сары болып жанады. ↳ Bluetooth күйінің көрсеткіші жыпылықтайды. DS3480 Bluetooth арқылы жұптастыруды немесе қайта қосылуды бастайды.



- Өшіру үшін қайтадан 🔌 түймесін басыңыз.

Автоматты күту режимі

Күту режимінде (ойнатылмаса, ешқандай түйме басылмаса) 15 минуттан кейін, ойнатқыш өшіріледі.


4 Ойнату

Жарықтандырылатын қондырма арқылы ойнату


DS3480 құрылғысындағы жарықтандырылатын қондырмамен мына iPhone/ iPod құрылғысынан ойнатуға болады:

- iPhone 5
- iPod touch (5-буын)
- iPod nano (7-буын)

- 1 **DS3480** құрылғысының қосылғанын тексеріңіз.
- 2 iPhone/ iPod құрылғысын қондырмаға орнату.



- iPhone/ iPod құрылғысын алғаш рет **DS3480** құрылғысына орнатқан кезде нұсқау берілгенде **ClockStudio** қондырмасына iPhone/iPod құрылғысына орнатыңыз:




- 3 iPhone/ iPod құрылғысында музыка ойнатуды бастаңыз.

Кеңес


- iPhone/ iPod құрылғысын ажырату үшін қондырмадан шығарып алыңыз.

Bluetooth арқылы ойнату


Bluetooth арқылы **DS3480** құрылғысында iPad, iPhone, Android телефоны немесе қол компьютері сияқты Bluetooth бар құрылғыдан ойнатуға болады.



Bluetooth арқылы қосу




- 1 **DS3480** құрылғысында қосу үшін  түймесін басыңыз.
↳ Bluetooth күйінің көрсеткіші жыпылықтайды. **DS3480** Bluetooth арқылы жұптастыруды немесе қайта қосылуды бастайды.

Кеңес

- **DS3480** құрылғысын басқа Bluetooth бар құрылғыға қосу үшін ағымдағы Bluetooth бар құрылғыдан Bluetooth функциясын ажыратыңыз.
- Жұптастырылған құрылғыларды **DS3480** құрылғысынан өшіру үшін бес секунд бойы  түймесін басып тұрыңыз.


Bluetooth бар құрылғыдан ойнату

- 1 iPhone/ iPod құрылғысының жарықтандырылатын қондырмадан ажыратылғанын тексеріңіз.
- 2 Байланыс сәтті болса, **DS3480** құрылғысында музыка ойнатуды бастаңыз.



- 2 Bluetooth бар құрылғыда Bluetooth функциясын іске қосып, **Philips DS3480** деп іздеңіз.

- Бірінші рет қосылу үшін жұптауды бастау мақсатында **Philips DS3480** тармағын таңдаңыз.
- ↳ Байланыс аяқталғанда Bluetooth көрсеткіші әрдайым көк болып жанады және екі дыбыстық сигнал береді.



- ↳ Келесіде **DS3480** қосылғанда, динамик соңғы жұпталған құрылғыға автоматты түрде қосылады.




Ескертпе

- **DS3480** және Bluetooth бар құрылғы арасы 10 метр екенін тексеріңіз.
- Музыка ағынын құрылғы және **DS3480** құрылғысы арасындағы қабырғалар немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін басқа құрылғылар сияқты кедергілер үзуі мүмкін.

Дыбыс кабелі арқылы ойнату

Сондай-ақ, MP3 байланыс кабелі арқылы MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыс құрылғысынан **DS3480** құрылғысында ойнатуға болады.

- 1 DS3480** құрылғысын сыртқы дыбыс құрылғысымен қосу үшін MP3 байланыс кабелін пайдаланыңыз.



- 2 DS3480** құрылғысында мына әрекеттерді орындаңыз:


- **DS3480** құрылғысына орнатылған iPhone/ iPod құрылғысында музыканы уақытша тоқтатып қойғаныңызды тексеріңіз.

- **DS3480** құрылғысына қосылған Bluetooth бар құрылғыда Bluetooth функциясын ажыратыңыз.


- 3** Сыртқы дыбыс құрылғысында музыка ойнатуды бастап, дыбыс деңгейін өзгертіңіз.

Дыбыс деңгейін реттеу

- **+**, **-** түймесін қайталап басыңыз немесе
 - Дыбыс деңгейін жылдам арттыру немесе азайту үшін **+**, **-** түймесін басыңыз.
- ↳ Ең жоғарғы немесе ең төменгі деңгейге жеткенде **+**, **-** сары болып жыпылықтайды.




5 Зарядтау



Жарықтандырылатын қондырма арқылы зарядтау

DS3480 құрылғысындағы жарықтандырылатын қондырмамен музыканы ойнатуды қосқанда немесе ажыратқанда iPhone/ iPod құрылғысын зарядтауға болады.

- 1 iPhone/ iPod құрылғысын **DS3480** құрылғысындағы жарықтандырылатын қондырмаға орнатыңыз.
- 2 **DS3480** қуат көзіне қосыңыз.



USB қосқышы арқылы зарядтау

DS3480 құрылғысындағы USB қосқышымен мобильді телефонды зарядтауға болады.

- 1 **DS3480** құрылғысын сыртқы құрылғыға қосу үшін USB кабелін пайдаланыңыз.
- 2 **DS3480** қуат көзіне қосыңыз.

6 Микробағдарламаны жаңарту

iPhone/ iPod құрылғысындағы **ClockStudio** қолданбасымен **DS3480** құрылғысының микробағдарламасын жаңартуға болады.

- 1 iPhone/ iPod құрылғысының Интернетке қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- 2 iPhone/ iPod құрылғысын **DS3480** құрылғысының жарықтандырылатын қондырмасына орнатыңыз.
 - ↳ **ClockStudio** қол жетімді микробағдарламаны жаңарту үшін іздей бастайды.
 - ↳ Микробағдарламаны жаңарту қол жетімді болғанда хабарлама көрсетіледі.



- 3 Микробағдарламаны жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе

- Микробағдарламаны жаңарту барысында iPhone/ iPod қосулы және **DS3480** құрылғысында орнатылып тұрсын.

7 Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 x 5 Вт ОКМ
-----------------------	--------------

Жалпы ақпарат

Қуат көзі	Үлгі: KSASB0241200200HE (Philips);
- Айнымалы ток қуаты	Кіріс: 100-240 В ~, 50/60 Гц, 0,6 мА
	Шығыс: 12 В = 2 А
- Батарея	Li-ion (литий-ионды) батареясы
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	<18 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	< 0,5 Вт
Ең жоғарғы iPod/iPhone үшін жүктеме	5 В = 1 А
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	274 x 143 x 109 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	1,2 кг
Жұмыс температурасы және ылғалдылығы:	0°C - 40°C, 5% - 90% Барлық климаттар үшін ылғалдылық.
Сақтау температурасы және ылғалдылығы:	-40 °C - 70 °C, 5% - 95%

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V2.1+ EDR
Жиілік жолағы	2,402-2,480 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	10 м (бос орын)

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер проблема шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын камтамасыз етіңіз.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Қондырмалы динамикте дыбыс деңгейін реттеңіз.
- iOS құрылғысында, Bluetooth бар құрылғыда немесе басқа сыртқы құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.

Динамиктегі пернелерді басқаннан еш әрекет орындалмайды

- Қондырмалы динамикте **⏏** және **+** түймелерін бірден 3 секунд басыңыз. Қондырмалы динамиктегі зауыттық параметрлерід қалпына келтіруге болады.
- Айнымалы ток қуатын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін қондырмалы динамикті қайта қосыңыз.

Bluetooth қосылымы туралы

Bluetooth қосылымы сәтті болса да, Bluetooth бар құрылғыдан музыканы ойната алмаймын

- Музыканы ойнату үшін Bluetooth бар құрылғы динамикпен жұмыс істемейді.

Bluetooth бар құрылғыда музыканы ойнатқанда дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Bluetooth бар құрылғыны динамикке жақындатып, Bluetooth бар құрылғы мен динамик арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.

Bluetooth бар құрылғыны динамикпен қосу мүмкін емес

- Bluetooth бар құрылғы динамикке қажетті профильдерді қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Bluetooth функциясын қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Жүйе жұптастыру режимінде емес.
- Динамик басқа бір Bluetooth бар құрылғымен жұптасып қойған. Сол құрылғыағы Bluetooth функциясын ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Bluetooth бар құрылғыны динамикке жақындатып, Bluetooth бар құрылғы мен динамик арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу үшін автоматты түрде ажыратылуы мүмкін.



Specifications are subject to change without notice.

2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

DS3480_12_UM_V2.0

